

Капарова А.С., Бөжеева Б.З.

**Қытай-Африка
қатынастарының дамуы:
өткені мен бүгіні**

Мақалада Қытайдың Африка құрлығына қайта оралуы, қайта өрлеуі жайлы, Батыс елдерінің viz-a-viz инвестициялық саясатының көрінісі жайлы қарастырылады. Африкада Қытайдың алғаш пайда болуы, Қытай-Африка қатынастарының дамуына, тарихына шолу жасалынған. Қытайдан құйылатын инвестициялардың құрылымы, бағытталатын басты салалары мен Қытай үкіметі мен жеке инвесторлардың инвестицияларының Африка құрлығының экономикалық дамуындағы нәтижелері жайлы айтылады. Сондай-ақ, африкалық елдер мен Қытай арасындағы сауда айналымы, сауда балансы жайлы, сауда тепе-теңдігінің жоқтығы, Африка елдеріне тиімді және тиімсіз жақтары, олардың себептері мен мәселелері де қарастырылған.

Түйін сөздер: Қытай, Африка, Қытай-Африка екіжақты қатынасы, қайта оралу, сауда, экономикалық мүдде.

Капарова А.С., Byuzheyeva B.Z.

**The evolution of Sino-African
relations: past and the future**

This paper presents Chinese re-emergence showing the nature of the investment viz-a-viz that of the Western world. In the opening section, China's emergence and re-emergence in Africa are presented in historical terms. The paper further look at the investment patterns, the sector(s), the dichotomy between Chinese government and private sector led investments as well as implications for economic development in Africa. In addition, the paper also examines the trade between African countries and China, the balance of trade, trade deficit, likely african countries to benefit and likely African countries to lose and why. We would show that China's re-emergence is of immense benefits to African countries. Lastly, this paper will look at the lessons of development regarding China's re-emergence and the public policy implications for African countries particularly in terms of economic development and poverty reduction.

Key words: China, Africa, the Sino-african relations, economic interests, trade disbalance.

Капарова А.С., Бюжеева Б.З.

**Эволюция китайско-африканских отношений:
прошлое и настоящее**

В статье изучается эволюция развития отношений между Китаем и странами Африки, которые претерпели взлеты и падения. Китай составляет серьезную конкуренцию Западным странам в области вложения инвестиций в экономики африканских стран. Авторами статьи раскрыты приоритетные направления экономики африканских стран, в которые Китай вкладывает свои инвестиции; рассматривая развитие двусторонних экономических отношений, авторы указывают на несбалансированность двусторонней торговли. Авторами публикации выявлены достижения и неудачи китайской политики на «черном континенте». Также нужно отметить, что Китаю есть чем поделиться, а именно опытом стабильного экономического роста, сокращением бедности и дальнейшего развития.

Ключевые слова: Китай, Африка, китайско-африканские двусторонние отношения, экономические интересы, торговый дисбаланс.

**ҚЫТАЙ-АФРИКА
ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ
ДАМУЫ: ӨТКЕНІ МЕН
БҮГІНІ**

Қытайдың Африка елдеріндегі экономикалық мүдделері мен үлкен көлемдегі инвестициялық салымдары, Қытай-Африка екіжақты қатынастары бүгінде өзіне басты назарды аударып отыр. Қытайдың экономикалық әрекеттерінің іздері Африканың көптеген бөлігінде байқалады. Оларға тікелей шетел инвестициялары ретінде, инфрақұрылымның дамуын қаржыландыру, африкалық өнімдердің шикізаттарының бағасын көтеру саясаты, электронды және телекоммуникациялық тауарларды төмен бағамен ендіру сияқты шаралар жүрген аудандарды жатқызуға болады.

Қытай мен Африка елдерінің алғашқы қарым-қатынасы 1955 жылғы Бандунгтегі шетте қалған ұлттар конференциясынан бастау алды. Екіжақты қатынастардың жақсарып, жылуы 1950 жылдары Қытайдың КСРО-мен айтарлықтай келіспеушіліктер туа бастағаннан кейін байқалды. Қытай Африка құрлығынан кеңестік гегемония мен батыстық империализмге қарсы өзіне серіктес пен одақтастар іздей бастады. Қытай ұзақ уақытқа созылған отаршылдық тарихы болғандықтан, Қытай өзін үшінші әлем елдерінің көшбасшысы ретінде көрді. Қытай өз одақтастары ретінде ең бірінші африкандық мемлекеттерді қабылдауы түсінікті жайт. Сондай-ақ, Африканың тәуелсіз мемлекеттерімен байланыстарын, Тайваньмен дипломатиялық күрес жолы ретінде көріп, Біріккен Ұлттар Ұйымының отырыстарында Тайвань мәселесіне қатысты барынша көп дауыс жинау идеясын негізге алды. Сонымен қатар, Тайвань мәселесіне қатысты ғана емес, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуда да африкандық мемлекеттерді пайдаланғысы келді [1]. Осылайша 1950 жылдардан бастап Қытай африкандық елдерді өзінің стратегиялық серіктестері ретінде қабылдады. Олардың қолдауына ие болу үшін көптеген құрылыс жобаларын қаржыландырды, 1960 және 1970 жылдардағы тәуелсіздік үшін күрестеріне қолдау көрсетіп отырды. Қытайдың бұл қадамдары екіжақты қатынастардың біршама тұрақты және өміршеңді болуына кепіл болды. Қытай осы уақыт аралығында Африка құрлығының 30 шақты еліне көмек қолын созып, қолдауын көрсетті [2].

1980 жылдар екіжақты қатынастар айтарлықтай суи бастады, себебі Қытай өз ұлттық экономикасында реформалар

ұйымдастырып, социалистік даму бағытынан ерекше үлгідегі капиталистік даму бағытына көшетіндігін жариялаған кезбен тұспа-тұс келеді. Реформаға сәйкес Қытай экономикасына батыс елдерінен келетін тікелей шетелдік инвестициялар құйыла бастады, бірақ 1989 жылғы Тяньаньмэнь алаңындағы студенттердің көтерілісін басуда көрсеткен қатаң шаралары үшін Қытай Батыс елдері тарапынан айтарлықтай экономикалық санкцияларға және саяси оқшаулануға тап болды [3]. Қытай осы оқшаулау саясаты мен экономикалық санкциялардан өзіне тиімді сабақ ала білді. Қытай Батыстың тікелей шетел инвестицияларына тәуелді болғысы келмей, өз күші мен әлеуетіне сену керектігін түсінді, әлемнің дамушы елдерімен, әсіресе, Африка құрлығы елдерімен қарым-қатынастарын қайта жандандыруға мүмкіндік алды.

Қытайдың «қара құрлыққа» қайта оралуы ХХ ғасырдың 90-жылдарына сай келді. Бұл кез Қытайдың Африкада қайта өрлеуіндегі маңызды кезең болды. Осыған дейін Қытаймен екіжақты қарым-қатынастарын дамытқан елдер қатары да күрт өсті. Сондай-ақ, байланыс орнатылған салалар саны да артты: сауда, инвестициялар құйылды, дамуға көмектесу, технологиялар мен дайын құралдар мен жабдықтарды беру, білім беру, мамандарды дайындауда көрініс тапты. Осы кездері африкандық елдердің экономикаларында айтарлықтай оң өзгерістер байқалған болса, ол Қытайдың жеке секторы мен мемлекеттік кәсіпорындар тарапынан құйылған инвестициялардың арқасынды болды. Қытайдың африкандық елдердегі ықпалы күн санап, өсіп келе жатқанына қарамастан, аталмыш экспансия әкімшілік басқару мен әрбір елдің табиғи ресурстарын толықтай басқаруға тырысқан батыстың отарлау саясатынан ерекше деген ойлар кең тараған. Ал африкандық елдер Қытаймен екіжақты экономикалық және саяси қатынастарын өздерінің экономикаларының қарқынды дамуының кепілі ретінде қабылдады: олар қысқа уақыт аралығында Қытай экономикасының үлкен қадамдармен дамуының тәжірибесі мен сырын меңгергілері келді.

1981 жыл мен 2005 жыл аралығында Қытай мемлекеті кедейлердің үлесін 84 пайыздан 15,9 пайызға дейін қысқартты [4]. Сондықтан африкандық елдердің көбі Қытайды өзінің экономикалық серіктесі ғана емес, оларға дамудың тиімді үлгісін ұсынатын құтқарушы деп санады. Сондай-ақ, Қытайдың үлкен несиелері мен қаржылай салымдарын африкалық елдердің оны Халықаралық валюталық қор мен Дүниежүзі-

лік банктер сияқты институттарға балама ретінде қабылдауына әкелді. Ал Қытай өз кезегінде стратегиялық дипломатия, идеологиялық құндылық және коммерциялық табыс сияқты негізгі үш мүддені көздейді. Қытайдың Африка елдерімен қатынастарының аясындағы кез келген әрекеттері осы мүдделерді көздей отырып, осы үш кеңістікте жүзеге асырылады.

Қытай тарапынан құйылып жатқан қаражаттың бір бөлігі дамушы елдерге деген ресми көмегі деп саналса, басқа басым бөлігі жеңілдікпен берілген несиелер мен қарызға берілген қаражат болып табылады. 1996 жылы теңіздің арғы жағындағылардың дамуына 410 млн доллар жұмсаған болса, 2007 жылы бұл көрсеткіштер 3 млрд долларға дейін ұлғайған [5]. Қытайдан құйылған қаражат, жеңілдетілген несиелерімен қосқанда, 2005 жылы 800 млн долларды құраса, 2009 жыл мен 2012 жылдар аралығында 10 млрд долларға дейін жетті [6]. Айта кететін жайт, Қытайдың Африкадағы саясатын халықаралық құқық нормаларына сай, мемлекеттердің тәуелсіздігін құрметтей отыра, тең дәрежеде қабылдап жүргізуде. Жеңілдетілген несиелердің барлығы тек шартты мерзімге бекітілген, ол дегеніміз егер несиені өтеуде қиындықтар туындаған жағдайда, өтеу мерзімі шегерілуі мүмкін. Сондай-ақ, несиелердің негізгі мақсаты алушы мемлекеттерді Қытайға өмірлік қарыз қылып қою емес, крісінше, әрқайсысы тәуелсіз болуға арналған.

Қытай инвестицияларына Африкандық елдердің қызығушылық танытуының төрт себебі бар:

Біріншіден, Африка елдеріне батыстан келетін инвестициялардың қолдану ережелеріне қарағанда Қытай мемлекеті тарапынан келетін инвестициялар жеңіл игеріледі, яғни қаржылай процедуралар мен басқару мәселелері жеңілдетілген еді. Екіншіден, африкандық елдердің көшбасшылары мен саяси элита либерализация мен демократизацияға тап болып отыр. Үшіншіден, Қытай қарызға берген қаржыларды африкандық елдердің экономикасын бақылап отыруға пайдаланбай, керісінше кей мемлекеттердің қарызға алған ақшаларын өтеу қажеттілігінен босатып отыр. Мысал ретінде, 2000 жылы «қара құрлықтың» 31 елін 1,3 млрд доллар төлеуден босатқан болатын [7]. Төртіншіден, Қытайдың экспортты несиелері африкандық елдердің үкіметтері үшін балама қаржы көзі болды. Бұл өз кезегінде отаршылдық кезінен қалған кейбір африкандық елдердің экономикалық тәуелділіктен құтылып, өз экономикаларын

қайта жандандырып, сауда серіктестерін табуға үлкен мүмкіндік берді.

Қытайдың инвестиция құятын басты салаларын оның ұлттық мүдделері анықтап отыр. Ол дегеніміз, біріншіден, Қытай өзінің заманауи, қарқынды дамып келе жатқан экономикасын сол қалыпты ұстап тұру үшін, өнеркәсіптік негізін жетілдіре түсу үшін шикізат қажет, әсіресе мұнай шикізатына тәуелді. Екіншіден, африкандық нарық қытайлық өнімдерді таратуға таптырмас алаң болып отыр. Қытай экономикасының басты табысты саласы дайын өнімдер болғандықтан, аталмыш секторды, өндіріс секторын, тұрақты сақтап отыру үшін тауар өткізетін нарық табу керек. Үшіншіден, африкандық өндіріс пен өнеркісіп саласы сырттан келетін монополистерден зардап шеккен болатын, африкандық экономикалар либерализация реформаларын жүргізгеннен кейін, шетелдік басқа акторлардан келетін қаржылай көмектерге есіктерін айқара ашып, экономикаларын дамыта түсуге мүмкіндік алды. Төртіншіден, Қытайда мемлекеттік мекемелерді жекешелендіру үшін оларға шетелден инвестициялық мүмкіндіктер іздеуге тура келді, ол дегеніміз мемлекеттік тәуелділіктен құтылып, шетелдік нарыққа шығуды білдірді.

Қытайдың келуімен африкандық елдерде болған өзгерістерге тоқталатын болсақ, батыстық инвестициялардың жетістіктері мен сәтсіздіктерімен салыстыра отырып қарастыралық.

Батыс елдері де бірнеше жылдар бойы африкандық елдерге қаржылай көмек көрсетіп жатыр. Дегенмен, ол салымдар Қытайдың соңғы бірнеше жылында-ақ салған қаражатымен салыстырғанда мардымсыз болып отыр. Батыстан келген көмек африкандық мемлекеттердегі бар мәселелерді шешуге арналды, дегенмен олар экономиканың дамуына, толықтай мемлекеттің экономикалық тұрақтылығына бағытталған жоқ. Бірнеше миллиард долларларды осы мақсатта жұмсап, Африканың бүгінгі жағдайы айтарлықтай жақсарып қалатын еді. Батыстық инвесторлар Африкандық мемлекеттер үшін тиімсіз, экономикаға айтарлықтай қаражат әкелетін секторларға арналған жоқ, ал Қытай болса экономиканы дамытуына барынша пайдалы секторларға салымдар жасаған болатын. Нәтижесінде, 2007 жылы 5,8 пайыздық экономикалық өсімге қол жеткізілді [8]. Бұндай көрсеткіш Африка тарихында бұрын-соңды болмаған құбылыс болды. Сондықтан, бұл жетістікке қытайлық инвестициялық салымдарының көмегімен жетті десе болады.

Қытаймен серіктес болу африкандық елдерге қиынға соқпайды: Қытай тарапынан саяси, экономикалық, барлау салаларында ешқандай талаптар мен міндеттер артылмайды. Екіншіден, Қытай батыс инвесторлары инвестиция құйғылары келмейтін салаларға құйып жатыр. Ондай салаларға физикалық инфрақұрылым, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жатады. Әрине, бұл салаларды қаржыландырса, африкандық экономиканың көрсеткіштері бірден аспанға ұшады дегенді білдірмейді. Дегенмен, африкандық елдердің барлығы инфрақұрылымның барлық салаларына зәру екені белгілі. Сондықтан 20 млрд доллар көлеміндегі инфрақұрылымдарды дамытуға жұмсалған қаржылай салым өзінің оң нәтижесін беріп те үлгерді [9].

Қытайдың пайдалы қазбалар мен басқа металдарға деген сұранысы жездің, алюминийдің бағаларының көтерілуіне алып келді. Мысалы, 2005 жылы Қытай мен Нигерия 800 млн доллар соммасына мұнай шикізатын сатып алу келісіміне қол қойды. Ол дегеніміз, Қытай 5 бес жыл бойы күніне 30000 баррель мұнай сатып алатын болды [10]. Нигериялық зауыттардың төрт блогында мұнай өндіруге лицензияны жеңіп алды. Бұл бір жағынан, Қытай үшін қауіпті жобалардың бірі, себебі бұл игеру орындары саяси тұрақсыз, мәселелері өте көп аймақтарда орналасқан.

Сондай-ақ, жұмыссыздық мәселесі, кедейшіліктің межесін қысқарту, өз жобаларын жергілікті деңгейде бақылайтын, жүзеге асыратын басқаруды құруда мамандарды дайындауға технологияларды ендіруде мамандардың біліктілігін арттыру, елдің техникалық қамдануын жақсарту сияқты мәселелерде қытайлық инвестициялардың оң тұсын айтып кеткен жөн. Сондай-ақ, күнделікті тұтынатын тауарларды төмен бағамен жеткізіп береді. Дегенмен, жергілікті нарықты басып алмай, африкалық тауарлардың да өндірісіне де қолдау көрсетіп отырды. 21 ғасыр жоғары технологиялар заманы болғандықтан, адами капитал мен елдің техникалық мүмкіншіліктерін арттыруға да үлесін қосып келеді. Африкандық мамандардың, жұмыс күшінің біліктілігін арттыру үшін білім беру бағдарламаларын ұйымдастырды. Ал олардың білімін қолданатын жоғары технологиялар мен электронды заманауи құрылғылар Африкаға экспортталған болатын. Ірі жобалардың бірі ретінде Қытайдың африкандық тауарлардың үстіне баға қосып пайда таппай, өндіріске, игеруге өзі араласуды дұрыс деп тапты. Қытайдың африкандық елдермен сауда қатынасы 2000 жы-

лы басталған болатын [11]. 2003 жылы Нигерияда ішкі нарықты тауарлармен қамтамасыз ететін зауыттар ашты, мемлекеттің табысын арттырып қана қоймай, Гана сияқты елдермен өз тәжірибесімен бөлісіп, адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да үлесін қосып келеді. 2000 мен 2006 жылдар аралығында Қытай Африкада 16000 жоғары білікті маман дайындаған. Ал 2010 – 2012 жылдар аралығында тағы 20000 маман дайындады. Ху Цзиньтао 2015 жылға дейін 18000 африкандық студентке мемлекеттік стипендия тағайындап, 30000 маман оқытуды жоспарлаған болатын [12]. Сондай-ақ, Африка елдері Қытайдың банктерінен жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен несиеленеді. Коммерциялық капиталға қол жеткізу үшін несиелік өтемінен басқа, африкандық елдерге экономикаларының тұрақсыздығы мен басқа да қауіптердің жоғары болуына байланысты қосымша ақы төлеуге тура келіп отыр. Бірақ, бұл ондай қосымша төлеуді қажет етпейтін, бірақ пайыздық мөлшері жоғары басқа несиелер беретін ұйымдар мен мемлекеттердің шарттарына қарағанда әлдеқайда тиімді.

Африканың Қытайдан импорттайтын заттары үш негізгі саладан келеді. Оларға көлік пен транспорттық құрылғылар, өнеркәсіптік тауарлар мен қолөнер шаруашылығының құрылғылары жатады. Дегенмен, қытайлық тауарлар африкандық нарыққа ең бейім болып келеді, бағалары қолжетімді және сұранысты қанағаттандыратындай көлемде жеткізіледі. Қытай тауарлары әрбір елдің азаматының табысының аясында қолжетімді болды. Сондықтан африкандық нарықты жаулап алған Қытайдың тауарлары өздері қолжетімді ғана болмай, басқа заттардың бағасын төмендетті.

Африканың сыртқы қарызы өте үлкен. Әдеттегі донорлар қарыздан құтылуға көмектесеміз дегенмен, бұл үрдіс африкандық елдердің үкіметтерінің қатаң қаржы ережелерін енгізуге алып келді. Қытай Африканың кедейшілікте өмір сүріп жатқан мемлекеттері мен дамушы мемлекеттерінің 1,2 миллиард доллар қарызын кешірімін деген болатын. 2009 жылы Қытай әлем бойынша 3.83 млрд доллар қарызын кешкен болатын, олардың көбі африкандық елдер болатын [13]. Өз экономикалық дамуларының көрсеткіштерін ұлғайту үшін, африкандық елдер қазіргі даму қалпын сақтап қана қоймай, сауда айналымы мен экспорттық секторды арттыру керек. Соңғы жылдары Қытай мен Африка елдерінің сауда айналымы еселеп өскені рас, Қытай АҚШ-тан кейінгі басты сауда серіктесі атанды. Экономикалық даму қарқынының 5,8 пайызы осы Қытайға келеді. Қытай 440 африкандық тауарды кедендік салықтан босатқан болатын.

Қорытындылай келе, Африкаға Қытайдың қайта келуі тиімді болды. Қытайдың инвестициялық салымдарының жетістіктерін инфрақұрылымның дамуы, сауда, адам капиталының дамуы сияқты секторларда анық байқауға болады. Африкандық тауарөндірушілері Қытайдан келетін тауарлардың жаппай келуінің арқасында өз тауарларының бағаларын көтеруге мүмкіндік алды. Қытайдан келетін жеңілдетілген пайыздық несиелер африкандық елдер үшін Африка құрлығында жобаларды қаржыландырып отыратын Дүниежүзілік банкке балама капитал көзі болды. Бұл несиелер африкандықтарға айтарлықтай жеңілдіктер алып келді. Қытайдан келетін қаржыны тиімді пайдалана алатын болса, артта қалған экономикаларды дамытып, инфрақұрылымдардың жетілдіре түсуіне қол жеткізуге болатындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Piet Konings, China and Africa: Building a Strategic Partnership Journal of developing societies (Том 23, Выпуск 3). – 347 p.
- 2 Liang Zheng, «Neo-colonialism, Ideology or Just Business: China's Perception of Africa» Global Media and Communication, Vol.6: 3 (2010). – 272 p.
- 3 Deborah Brautigam, «The Dragon's Gift: The Real Story of China in Africa, 2009. – 31 p.
- 4 «Poverty headcount ratio at \$1.25 a day (PPP) (%of population),»World Bank, <http://data.worldbank.org/indicator/SI.POV.DDAY/countries/CN?display=graph> (accessed November 10, 2013)
- 5 Deborah Brautigam, «The Dragon's Gift: The Real Story of China in Africa, 2009. – 31p.
- 6 Piet Konings, China and Africa: Building a Strategic Partnership Journal of developing societies (Том 23, Выпуск 3). – 346 p.

- 7 Piet Konings, China and Africa: Building a Strategic Partnership Journal of developing societies (Том 23, Выпуск 3). – 346 p.
- 8 http://www.fletcherforum.org/wp-content/uploads/2013/12/Haroz_FA.pdf
- 9 Paul Eckert, New database focuses on China's secretive aid to Africa, Reuters, April 29, 2013: <http://www.reuters.com/article/2013/04/30/us-china-africa-aid-idUSBRE93T01Z20130430> (accessed on November 15, 2013)
- 10 Todd Moss and Sarah Rose, «China ExIm Bank and Africa: New Lending, New Challenges» file:///C:/Users/ANurbay.EF-CENTRALASIA/Downloads/file_China_and_Africa.pdf 1 p
- 11 David Haroz China in Africa: Symbiosis or Exploitation? http://www.fletcherforum.org/wp-content/uploads/2013/12/Haroz_FA.pdf. – 72 p.
- 12 China's Foreign Aid (2014), Information Office of the State Council, PRC, July 2014, Beijing <http://ssc.undp.org/content/dam/ssc/dgspaces/China/files/China%202nd%20White%20Paper%20on%20Foreign%20Aid%202014.pdf>
- 13 Piet Konings, China and Africa: Building a Strategic Partnership Journal of developing societies (Том 23, Выпуск 3). – 350 p.